

**ТЕХНОГЕНДІ ҮЙІНДІНІ РЕКУЛЬТИВАЦИЯЛАУ
КЕЗЕНДЕРІ, ӘДІСТЕРІ, НӘТИЖЕЛЕРІ**

Техникалық рекультивацияу кезеңі туралы жалпы және әдістемелік түсініктер

Зерттеу нысаны бойынша рекультивациялау жұмыстары Жамбыл облысы Көкжон фосфоритті кен орнының техногенді 2- үйіндісінде жүргізілді. 2 га көлеміндегі тәжірибе телімі таңдап алынды. Жалпы рекультивациялау жұмыстары техникалық және биологиялық екі кезеңде жүргізілді. Табиғи ортаның техногенді бүлінуі үлкен аумақтағы топырақтарды деградацияға ұшыратады. Өсімдік жамылғысын қайта қалпына келтіруде қиындықтар тудырады.

Қолайсыз физика-химиялық қасиеттер топырақтүзілу үрдістерін және өсімдік жамылғысының пайда болуын тежейді. Үйінділерде кездесетін қолайсыз факторлар: жоғары концентрациялы металдардың болуы және үйінді құрамында тастардың көп болуы және де ылғалдылықтың төмендігі, тығыздықтың жоғары болуы, топырақтүзуші ұсақ материалдардың аз болуы, топырақтүзуші материалдардың және органикалық заттардың тапшылғын қамтиды.

Техникалық рекультивациялау кезеңінде үйінділердің беткі қабаты тегістеліп, алдын ала қарапайым техногенді ландшафт қалыптастырылады. Өңделетін литосфераларды геохронологиялық шкалада кездесетін қолайсыз субстраттарды қолайлы жыныстармен, құмбалшықтармен жабуды қажет етеді. Тау-кен жұмыстарының құрамы қазба жыраларды, арнайы гидротехнологиялық іс-шараларды жүргізуді, құрылыс жолдарын салуды қамтиды. Үйіндінің беткі қабатын тегістеуде лесстің беткі немесе тұзданбаған құмбалшықтарын төгіп, селективті өңделген топырақтың құнарлы қабатымен жабу қажет.

Кейбір жағдайларда, беткі қабаты аршылған жыныстарды құмбалшықтармен жапқан кезде жыныстардың техноэкожүйелерінде литоземдар пайда болады. Техникалық рекультивация жүргізген кезде рекультивациялық жұмыстар жүргізілетін телімдердің абиотикалық өте қолайсыз жағдайлары, тиісті техникалық өзгерістерден кейін ары қарай, өздігінен үйлестіктің пайда болуы үшін техногенді бүлінген жерлерді қалпына келтіруге қажетті материалдарды пайдалануға кеңес береді.

Техникалық рекультивация

– бұл кезең бүлінген жерлерді келесі халық шаруашылығы мақсатында пайдалануға дайындық жұмыстарын жүргізіуді сонымен қатар оған жоспарлау, тазарту, тасымалдау, топырақ немесе топырақгрунттарын рекультивацияланатын аумақтарға толық төгуді қамтиды. Техногенді бүлінген ландшафттарды рекультивациялаудан кейін екінші рет көптеген қажетті салаларға пайдалануға болады. Өркениеті өркендеген елдердің көбісі бүгінгі таңда техногенді бүлінген жерлерді халық шаруашылығына тиімді пайдаланудың озық

үлгідегі ғылыми жобаларын іске асыруда. Сондықтан техногенді бүлінген жерлерді қалпына келтіру және дұрыс пайдалану – еліміздің тұрақты даму стратегиясының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып саналады. Техногенді бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіруде төмендегідей бірнеше бағытта рекультивациялау жұмыстары жүргізіледі.

Ауылшаруашылығына пайдалану мақсатында рекультивацияланатын жерлер – бүлінген жерлерді ауылшаруашылығы айналымындағы жерлердің қатарына қосу үшін химиялық құрамы уытты емес үйіндінің тегістелген беткі қабатына құнарлы топырақ немесе құнарландыруға болатын топырақгрунттарын төгіп жайылымдық немесе егіншілікке пайдалануға жағдай туғызу.

Орманшаруашылығына жерлерді пайдалану мақсатында рекультивацияланатын жерлер – жер бедері бүлінген және топырақ жамылғысы жойылған жерлерді, тасты үйінділерді әртүрлі типтегі орман екпелерін егуге қолайлы жағдай туғызу арқылы орманшаруашылығына пайдаланады. Орманды алқаптар гидрогелогиялық режимдерді жақсартумен қатар, топырақ түзілу үрдістерін тездетіп, органикалық қалдықтар жиналып қарашіріндінің артуымен қамтамасыз етеді.

Демалыс орындарын ашу мақсатында рекультивацияланатын жерлер – бүлінген жерлерді көгалдандырып, жасыл екпелер егіп, уытты емес карьерлерден су қоймаларын салып, тұрғын және спорт-мәдени орталықтары мен құрылымдарына айналдырып, халыққа қолайлы демалыс орындарын ашу.

Құрылысқа пайдалану мақсатында рекультивацияланатын жерлер – өнеркәсіптік аумақтарда техногенді үйінділермен терең емес карьерлерде жер телімдерін азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс бағыттарына пайдалануға тиімділігін арттыру.

Санитарлық-гигиеналық мақсатында пайдаланылатын рекультивацияланатын жерлер – бүлінген жерлерді биологиялық және техникалық консервациялауға жатады, халықшаруашылығына экономикалық жағынан тиімсіз, қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін жағдайлар туындағанда жүргізілетін рекультивациялық тәсіл болып табылады.

**Тау-кен техникалық рекультивациялау жұмыстарын
жүргізуге ұсыныстар:**

**Рекультивациялау жұмыстары жүргізілетін үйінділерді өнеркәс-
-іптік және т.б., қалдықтардан тазарту;**

**Рекультивациялау жұмыстары жүргізілетін үйінділердің беткі
қабатын ірі тастардан тазартып, ойлы-шұңқыр жерлерін
толтырып тегістеп, топырақгрунттарын төгіу;**

**Фитомелиоранттарды өсіп-жетілуі үшін топырақгрунттарының
қатты тығыздалған жерлерін қопсыту жұмыстарын да жүргізу;**


**Төгілетін топырақгрунттарының химиялық, физика-химиялық,
агрохимиялық қасиеттеріне зертханалық талдау жүргізу.**

Тау-кен өндірісінің техногенді бүлінген ландшафттарын агроэкологиялық рекультивациялау жобалары; графикалық жоба, тік сызықты жоба, азық-түлік тізбекті жоба, уақыт жобасы және инженерлік жоба. Графикалық және тік сызықты жобалау – тау-кен өндірісі жүргізілген рельеф пен жер нысандарын толық пайдалану және оңтайлы таралып жергілікті гидрологиялық және климаттық жағдайларды іске асыру. Азық-түлік тізбекті жобалау – халыққа улы заттардың уыттылығын азайту, әртүлі улы заттардан уланудың алдын алу және қорғау шараларын жүргізу.

Техникалық рекультивациялаудың зерттеу әдістемесі

Техникалық рекультивациялау кезеңінде үйіндінің беткі қабатындағы үлкен тастардан тазартылып, аралас жыныстармен шұңқырлар толтырылып, тегістеліп, техникалық талаптарға сай 30 см болатын 12000 м³ құмбалшық төселіп, трактормен тегістелді. Және төгілген құмбалшықтардың, физика-химиялық, агрохимиялық қасиеттері анықталынды. Рекультивациялау жұмыстары жүргізілетін үйіндінің бетіне төгілетін топырақгрунттарын төгу жұмыстары мынадай жүйелерде жүргізілді.

Рекультивациялау жұмыстары рекультивацияланатын техногенді үйіндінің беткі ауданының көлеміне байланысты болатындықтан, төгілетін топырақгрунттарының қалыңдығын біле отырып, қажетті көлемін тауып алған соң автокөлік құралы шанағының сиымдылығына, рекультивацияланатын үйіндінің беткі ауданына және төгілетін топырақгрунттарының қалыңдығына байланысты автокөлік құралының рейс саны анықталады. Рекультивацияланатын үйіндінің беткі қабаты 2 L-ге тең квадраттарға бөлінеді мұндағы L мына формуламен есептелінеді



1 сурет- Үйіндіге техникалық рекультивациялаула топырақгрунттарын төгу сұлбасы

Мұндағы, квадраттардың төбелері автосамосвалдың топырақгрунттарын төгетін жері болып табылады. Осы белгіленген талаптар бойынша жұмыс жүргізілгенде рекультивацияланатын үйіндінің бетін тегістеу және топырақгрунттарын төгу жұмыстары ең аз еңбек шығынын қажет етеді. Сонымен төгілген топырақгрунттарының үйіндінің бетіне тегістеу жұмыстары бульдозермен оңай жүргізіледі. Үйіндінің беткі қабатына рекультивациялық жұмыстарды жүргізуге қажетті топырақгрунттарының көлемі мына формуламан анықталынды.

$$VP = Sp * hH$$

(2)

Мұндағы:

V_p – рекультивациялық жұмыстарға қажетті топырақгрунттарының көлемі, m^2 ;

S_p – үйіндідегі рекультивацияланатын жалпы аудан, m^2 ;

h_H – рекультивацияланатын үйіндінің беткі қабатына төгілетін топырақ қабаты, м.

Техникалық рекультивациялауда топырақгрунттарынан алынған үлгілердің нәтижелері және оларды талқылау

Үйіндінің беткі қабатына төгілген топырақгрунттарының 0-30 см қабатынан 4 қайталанымнан топырақ үлгілері алынды. Топырақ үлгілерінің жалпы талдауы зертханалық жағдайда ғылыми талаптарға сай кеңінен қолданылып жүрген әдістемелермен жүргізілді. Техникалық рекультивациялау кезеңінде төгілген құмбалшықтардың 0-30 см қабатынан алынған топырақгрунттарының зертханалық талдау нәтижелері бойынша құмбалшықтардың гранулометриялық құрамы ірі шаңды, құмды фракциялардан тұрады.

Шөлейтті аймақта орналасқан Көкжон фосфоритті кен орындарының техногенді өнеркәсіп үйінділерінің құрамы, жер асты тау жыныстарының әртүрлі тасты қабаттарынан тұратындықтан үйінділердің беткі қабатын тазартып, топырақгрунттарын төгіп, техникалық рекультивациялау жұмыстарын жүргізу – алдағы уақытта биологиялық рекультивациялау жұмыстарын жүргізудің негізгі сатысы болып табылады.

Көкжон фосфоритті кен орнының үйінділерін техникалық рекультивациялау кезеңінен кейін аудандардың климаттық жағдайларына, үйінділердің құрамына, физикалық, химиялық қасиеттеріне, түзілісіне қарай отырып, шөлді аймаққа төзімді фитомелиоранттарды таңдап, өсіріп, рекультивациялау жұмыстарының тәжірибелік іс-шараларын дайындап, алдағы уақытта техногенді бүлінген жайылымдық жерлерді қалпына келтіру және көлемін ұлғайту, өсімдік жамылғысын қалпына келтіріп, ауаға тарайтын көмір қышқыл газының мөлшерін азайту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1. Козыбаева Ф.Е. Рекомендация. –Алматы, 1988. – С. 6-7.**
- 2. Hao Bing-yuan and Kang Li-xun. Mine Land Reclamation and EcoReconstruction in Shanxi Province I: Mine Land Reclamation Mode 1 // The Scientific World Journal. – 2014. - №483862. –P.**
- 3. //http://dx.doi.org/10.1155/2014/483862. 2014a. - P. 1-8.**
- 4. Ming-Gao Q. Technological system and green mining concept // Coal Science & Technology Magazine. -2003.- №4. - P. 1–3.**

5. Қозыбаева Ф.Е, Тоқтар М. Көкжон фосфорит кен орындарының техногенді бүлінген үйінділерінің агроэкологиялық жағдайларын қалпына келтіруде рекультивацияның техникалық сатысының маңызы. // ҚР ҰҒА хабарлары. Ағарлық сериясы. – 2016. №2(32). Б. 48-54.